

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті
Педагогикалық институт
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы**

Л.Н.Исабаева

**Практикалық қазақ тілінен мұнай – химия мамандықтарына арналған
жаттығулар жинағы
Әдістемелік – нұсқау**

Ақтау – 2010

ӘӨЖ 511.512

БКК 81 КАЗ

И 83

Пікір жазғандар: Ф.ғ.к Б.Қ.Ақбердиева

Ф.ғ.к. М.С.Жылқыбаева

Құрастырған: Л.Н.Исабаева, - Ақтау, 2010. -45 бет.

Практикалық қазақ тілінен мұнай – химия мамандықтарының студенттеріне арналған жаттығулар жинағы.

Әдістемелік – нұсқау магистранттар мен студенттерге қосымша көмекшілік қызмет атқарады.

Баспаға Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды.

©Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг

университеті,2010

Алғы сөз

Мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін білу – Қазақстанның барлық азаматтарының міндеті. Қоғамымыздағы тың жаңалықтардың барлығы адам еңбегінің жемісі десек, еңбек ету барысындағы қарым – қатынас құралы мемлекеттік тілді білу – әр азаматтың парызы. Осы тұжырымды негізге ала және Ата Заңымыздың 7 бабына сүйене отырып Мемлекеттік тілді үйренуге арналған барлық жағдайларды жасау мақсатында Жоғары оқу орындарында «Практикалық қазақ тілі» пәні оқытылады.

Пәнді оқыту барысында оқулықтармен қатар оқу көмекші құралдары, жаттығулар жинағы мен оқу әдістемелік нұсқаулықтардың да қажеттілігі туындайды. Бұл – «Практикалық қазақ тілінен мұнай – химия мамандықтарына арналған жаттығулар жинағы » әдістемелік көмекші құралында қазақ тілінің фонетика, лексика, грамматика тарауларындағы тақырыптарға анықтама мен жаттығулар, сонымен бірге «Танысамыз» айдарымен туған өлке мен Отанымыз Қазақстанның болмыс – бітімін танытатын мәтіндер, «Есте сақта» айдарымен қанатты сөздер мен мақал – мәтелдер және тарауларды бекіту мақсатында тест сұрақтары берілген.

Тілін білмеген – түбін білмейді.
Ғабит Мүсірепов

Тіл және тәуелсіздік

Ұлттың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі мен ұлттық мәдениетін сақтай білуінде. Өзінің ана тілі мен ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін де емес.

Бұл – жалғыз Қазақстанға ғана емес, жалпы барлық тәуелсіз мемлекеттерге ортақ шарт. Егеменді еліміздің ертеңі жарқын, елдігі мықты болсын деген кез – келген ұрпақ өз ана тілін тек қадірлеп қоймай, оны жетік білуге, өзінен кейінгі ұрпақтарға сөз маржанын таза күйінде жеткізуге міндетті. Бұл ата – бабаларымыздың аманыты, сол аманатты орындау жас ұрпаққа парыз.

Ана тілі туралы ұлағатты сөздер

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де,
болашағынан да қол үзеді.

Ғабит Мүсірепов

Ақыл көркі – тіл,
Тілдің көркі – сөз.

Жүсіп Баласағұни

Аяққа кісен салуға болар,
Қолға кісен салуға болар,
Ал тілге кісен салуға болмас.

Бәйдібек би

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл
ата – бабамызды, тарихымызды ұмыту.

Бауыржан Момышұлы

Қасиетті қазақ тілінің болашағы жоқ дегендердің көмейіне құм құйылсын.

Ғабит Мүсірепов

Әркімнің туған тілі – туған шеше,
Оған бала міндетті сан мың есе.

Сәбит Мұқанов

Ең тәтті де – тіл,
Ең қатты да – тіл.
Ең жұмсақ та – тіл,
Ең қатты да тіл.

Мақал

Фонетика

Фонетика – грек сөзінен алғанда « дыбыс» деген мағынаны береді, яғни тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым. Қазақ әліпбиінде 42 әріп бар. Оның 37 дыбыс, 2 белгі, 3 дифтонг дыбыстар.

Қазақ әліпбиінде 9 ерекше дыбыс немесе спецификалық дыбыс бар. Олар: **Ә, Ө, Ұ, Ү, І, Қ, Ғ, Ң, Һ.**

1 – жаттығу. Мәтіннен қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды тауып, олардың дұрыс айтылуын есте сақтаңыз.

Адамзат мұнайды өте ерте заманнан бері пайдаланған. Археологтардың мәліметтері бойынша біздің эрамызға дейінгі 6000 жылдың өзінде-ақ Таяу Шығыста Евфрат өзені алабында мұнайды өндірудің ұсақ кәсіпшілігі болған. Табиғи газ да адамзатқа ежелгі заманнан белгілі болған. Апшерон жарты аралында Кіші Кавказ тау бөктерінде біздің эрамызға дейінгі 6000 жыл бұрын «мәңгі оттар» жанып тұрған. Әрине бұны құдайдың ісімен түсіндіргені даусыз. Көріп отырғанымыздай, бұл құбылыс отқа табынудың, яғни дүние жүзі халықтарының көпшілігінде отқа сыйыну себебінің бірі болуы ғажап емес.

2 – жаттығу. Көп нүктенің орнына ә, і, ө, ү, қ, ғ, ң әріптерінің тиістісін қойып, көшіріп жазыңыз.

...аз...ргі кезде «м...най» с...з...ні... бастап...ы жасамы мидийді... «нафата» деген сөз...нен шық...ан деп есептелед..., яғни «сар...ырау» «а...у» дегенд... б...лдіред... Мидия б. э. дейінгі IX-VI ...асырларда ...азіргі ...з...рбайжан мен Иранны... территориясыны... шекарасында ...мір с...рген.

Батыс Европа елдер...нде м...найды білдірет...н латын с...з...нен туынды «петролеум» я...ни тас майы («петрос»- тас, «олеум»-май) сөз... ке... түрде ...олданылады.

М...найды... бас...а да ке... тарал...ан атауы – «ойл», ол – «май», «...сімдік майы» дегенді б...лд...реді. ...йткені мұнайды «тас майы» деп санаса, онда «ойл» сөз... оны б...лд...ру ...ш...н ...олданылады. Осы ...ш с...з кей...ннен к...птеген басқа т...лдерге енді.

Атап ...тілгендей, м...най жары...тандыру, жары... беру ...ш...н ке... пайдаланыл...ан.

Танысамыз!

Маңғыстау – қазыналы түбек.

Маңғыстау – Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік батысындағы ірі аймақтырының бірі. «Ұйқыдағы ару» атанған бұл өлке еліміздің мұнайы мен газын беріп отырған қазыналы түбек.

Маңғыстау облысы – 1973 жылы наурыздың жиырмасында құрылған. Кезінде «Маңғышлақ» деген атпен өмір сүрген бұл өлке 1988 жылы 2 маусымда

таратылып, 1990 жылдың 17 тамызында тарихи Маңғыстау деген атымен қайтадан облыс болып құрылды. Орталығы – Ақтау қаласы.

Үш жүз алпыс әулиелі Маңғыстау қайталанбас табиғат өлкесі, қазаққа құтты қоныс болған жер.

Бүгінде Маңғыстау іргелі өлке. Қайталанбас табиғаты, есепсіз байлығы бар өлке. Ол ұйқыдағы ару еме, ұйқыдағы алып батыр өлкесі. Сол кәрі Маңғыстаудың өне бойында тұнып тұрған тарих пен аңыздарды ұзақ – сонар жолдар, құдықтар мен зираттар сыр ғып шертеді.

Есте сақта!

Көкейіңе келген көркем ойды көркейтіп айта алатындай дәрежеге жете алмасаңдар, мұны ана тіліңнің оралымсыздығынан көрмей, өзіңнің дәрменсіздігіңнен көргенің дұрыс. Өзіңнің ана тілін білмеген адам, үлгілі ұлттың ұланы да, ұраншысы да, қорғанышы да бола алмайды.

Ана тілі – анаңның тілі. Ана тілінен айырылу деген халықтың түп тамырына балта шабу деген ұғымды білдіреді. Ана тілін ардақтай білген адам ғана анасының ақ сүтін ақтадым деп айтуына хақысы бар. Біл де ойлан!

Буын

Буын – дауысты дыбыстың қатысымен сөздің бөлініп айтылатын бөлшегі. Буынның 3 түрі бар:

1. Ашық буын. 2. Тұйық буын. 3. Бітеу буын.

3 – жаттығу. *Берілген мәтінді буынға бөліп жазыңыз және буын түрлеріне ажыратыңыз.*

Мұнай ежелгі заманнан бері емдік құралдар ретінде қолданылған. Ақ мұнай суық тиген аурулардан, қара мұнай – жөтелден емдейді деп есептеген. Египеттіктер мұнай майын мәйітті бальзамдау кезінде пайдаланған. Медицинаның әкесі саналатын ежелгі грек ғалымы Гиппократ (б. э. д. IV-V ғасырлар) құрамдас бөлігі мұнай болып табылатын көптеген дәрілерді сипаттап жазған.

Сонымен, б. э. дейінгі 330 жылы Александр Македонскийдің жауынгерлері Каспий теңізіне дейін жеткен кезде шырақтарды зәйтүн майымен жағатын ежелгі Египет, Рим және Грециядан айырмашылығы, жергілікті тұрғындар бұл үшін мұнайды пайдаланған.

4– жаттығу. *Берілген сөздер мен сөз тіркестерін буынға бөліп жазып, буын түрлеріне ажыратыңыз.*

Мұнай, ұңғыма, жанартау, бұрғы, қазандық, бұрғышы, шегендеу, тасымалдау, қоспа, көмірсутегі, тау жынысы, қазба жұмыстары, физикалық қасиеттер, мұнайдың тығыздығы, жылу сыйымдылығы, сұйық газ, мұнай

шоғырлары, парафин, кезең, тығыздық, қабатша, кедертас, бұрғылау оперторы, шебер – технолог.

5 – жаттығу. Мәтіннен буын үндестігіне бағынып жалғанған қосымшаларды анықтаңыз:

Ежелгі Римдік А.Феликс алғашқы рет мұнайды ажыратып, дәрі жасады. Дәрігерлердің атасы Гиппократ А.Феликстен көп бұрын, өзінің еңбектерінде мұнай және табиғи битум негізінде рецептің тізімін берген. Дәрігерлер бірінші болып химиктердің мұнай зерттеуіне түрткі болып жол ашты. Мұнай мағлұматтары ескі Үндістан, Иран жазбаларында бар.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, 1723 жылы I Петр уақытында Баку ақ мұнайды ажыратып Мәскеудің бас дәріханасы хош иісті дәрі жасады.

Мұнай – соғыс және қорғаныс құралы да болған. Ежелгі гректер парсының соғыс кемелеріне қарсы мұнайды теңіз бетіне құйып, оған от беріп күрескен.

Танысамыз!

Маңғыстаудың географиялық орны

Маңғыстау – Қазақстанның оңтүстік – батыс бөлігінде орналасқан. Бүкіл жер шары көлемінде алып қарағанда Еуразия құрлығының ортасында, Еуропа мен Азияның түйіскен өңірінде жатыр.

Маңғыстау облысының ең биік нүктесі – Шығыс Қаратау жотасында Бесшоқы тауы, биіктігі теңіз деңгейінен 556 м жоғары. Ал ең төменгі нүктесі – Қарақия (Батыр) ойпатының түбі, ол теңіз деңгейінен 132 м төменде жатыр. Жалпы бұл ойпат өзінің тереңдігі жөнінен дүниежүзінде 5 орын алады.

Облыстың солтүстік – батысы мен батысында Каспий теңізі, оңтүстігі мен шығысында Түрікменстан мен Өзбекстан мемлекеттері орналасқан.

Маңғыстау – қазақ елінің теңіз қақпасы. Ол арқылы Иран, Әзірбайжан, Түрікменстан және Ресеймен байланыс жасалынады.

Есте сақта!

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы – деннің саулығында. Сол себепті денелеріңнің әрбір мүшесін баптап ұстандар! Жадыраған мінез, рахаттанып күлген жайдары күлкі – рухани тазалықтың, денсаулықтың сенімді жолдасы.

Морфолология Сөз құрамы

Морфология –сөз құрамын, сөз таптарын зерттейтін ғылым. Қазақ тілінде сөз құрамы - түбір мен қосымшадан тұрады. **Түбір сөз** дегеніміз - толық лексикалық мағынасы бар, одан әрі бөлшектеуге келмейтін бірлік.

Жалғаулар – сөз бен сөзді байланыстырып, сөйлем құруға негіз болады. Қазақ тілінде жалғаулардың 4 түрі бар.

Септік жалғау. Қазақ тілінің орыс тілінен бір ерекшелігі- орыс тілінде септік жалғауының 6 түрі болса, қазақ тілінде септік жалғауының 7 түрі бар. Әр септік жалғауының өзіне тән сұрақтары бар. Қазақ тілінде сөздер жай септеледі немесе тәуелді септеледі. Тәуелді септелу дегеніміз –тәуелденген сөздің септелуі.

Атау	Ілік	Барыс	Табыс	Жатыс	Шығыс	Көмектес
кім? не? бұрғышы кеніш	кімнің?ненің? бұрғышының бұрғышыға	кімге?неге? бұрғышыға кенішке	кімді?нені? бұрғышыны кенішті	кімде?неде? бұрғышыда кеніште	кімнен?неден? бұрғышыдан кеніштен	кіммен?немен? бұрғышымен кенішпен

Көптік жалғау. –лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер жұрнақтары жалғану арқылы заттың екі немесе одан да көп екенін білдіреді.

- лар	- лер	- дар	- дер	- тар	- тер
Мұнайшы+лар р Бұрғышы+лар Тау+лар Жануар+лар	Инженер+ле р Көмекші+ле р Кенші+лер Жер+лер	Адам+дар Тасқын+да р Дауыл+дар Болжам+да р	Парафин+де р Күмбез+дер Теңіз+дер Дөң+дер	Геолог+тар Технолог+та р Апат+тар Қуыс+тар	Химик+тер Көмірсутек+те р Кеніш+тер Қасиет+тер

Тәуелдік жалғау дегеніміз –бір заттың иесі кім екенін білдіретін жалғаудың түрі.

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ	Менің кеніш+ім (–м, –ым)	Біздің кеніш+іміз(–ымыз)
II жақ	Сенің кеніш+ің (–ң, –ың) Сіздің кеніш+іңіз (– ңыз, – ңіз, –ыңыз)	Сендердің кеніш+ің(–ң, –ың) Сіздердің кеніш+іңіз (– ңыз, –ңіз, –ыңыз)
III жақ	Оның кеніш+і (–ы)	Олардың кеніш+і (–ы)

Жіктік жалғау. Жалғаудың бұл түрі етістікпен тығыз байланысты болады және зат есіммен (мамандық атаулары, кісі аттары, туыстық атаулары) байланысты айтылып, баяндауыштық қызмет атқарады.

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ	Мен өндіре+мін (–мын, –пын, – пін)	Біз өндіре+міз (–мыз, –пыз, –піз)
II жақ	Сен өндіре+сің (–сың) Сіз өндіре+сіз (–сыз)	Сендер өндіре+сіңдер(–сыңдар) Сіздер өндіре+сіздер(–сыздар)
III жақ	Ол өндіре+ді (–ды)	Олар өндіре+ді (–ды)

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ	Мен технолог+пын	Біз технолог+пыз
II жақ	Сен технолог+сың Сіз технолог+сыз	Сендер технолог+сыңдар Сіздер технолог+сыздар
III жақ	Ол технолог	Олар технолог

6 – жаттығу. *Мұнай – газ ісіне қатысты 3 мамандық атауын жазбаша түрде жіктеңіз.*

7 – жаттығу. *Сөйлем ішіндегі сөздерге қажетті септік жалғауларын қойып көшіріп жазыңыз.*

Мұнай... әскери мақсат... пайдалану о... біршама әйгілі даңқы... шығарды. Римдік ғалым Үлкен Плиний римдіктер... жарықтары... сипаттай келе, қоршаудағы Лукула қаласы... қорғаушылары қала қабырғалары... шабуылшылар... басы... ыстық мұнай құйылған құмыралар... лақтырғанын еске салады.

Шыңғысхан... әскерлері (XII-XIII ғасырлар) Бұқара қамалы... сансыз көп от... ораған мұнай құйылған құмыралар лақтырып, ыстық жебелер... атқылап жаулап алған.

8 – жаттығу. *Жіктік, септік, тәуелдік жалғауларын қатыстыра отырып «Менің болашақ мамандығым» деген тақырыпта әңгіме жазыңыз.*

9 – жаттығу. *Мәтінді оқып, дауысты дыбыстардың түрлеріне ажыратыңыз.*

Мұнайдың химиялық құрамы

Мұнай және газ – тау жыныстары болып табылады, басқа жанғыш шөгінді жыныстармен – қоңыр және тас көмір, антрацит, шымтезек, сланецпен бірге олар каустобиолиттер тегін түзеді. Каустобиолиттер – геологиялық уақыт, дәуірлерде ертедегі организмдер мен өсімдіктердің қалдықтарының жинақталуынан түзілген. Каустобиолиттер термині гректің каустос – жану, биос – тіршілік, литос – тас деген сөзінен шыққан. Бұл терминді ғылымға неміс палеботанигі Г. Потанье енгізген.

Мұнай – сұйық, газ тәрізді, қатты көмірсутекті заттарға тән, әдетте күрделі, табиғи қоспа болып келеді. Көмірсутекті қосылыстардан басқа, оның құрамына: оттегі, азот, күкірт және фосфор кіреді.

Танысамыз!

Маңғыстаудың зерттелінуі.

Маңғыстау – қазақ халқының көне заманнан қоныс тепкен жері, яғни атамекені.

Біздің заманымызға дейінгі 129 жылы із шалған Шығыстан Батыс елдеріне бет түзейтін «Ұлы Жібек жолының» бір тармағы ретінде Маңғыстау түбегі мен Үстірт арқылы өтетін (Хазардан Хорезмге дейінгі) керуен жолы пайдаланылыпты. Ал Маңғышлақ деген атау IX ғасырдан бастап кеңінен қолданылған.

Маңғыстау ХУІІІ ғ.басынан бастап Ресей империясының өмірлік мүддесі бар аймаққа айналды. 1716 ж. Александр Бекович – Черкасский бастаған орыс әскерлері Түпқараған және Кендірлі – шығанақ жерлерінде әскери бекіністер салды. 1834 ж. Г.С.Карелин басқарған отряд Каспий теңізінің шығыс бөлігінде Өлі Қолтық, Қайдақ шығанақтарын картаға түсіріп, сол жылы Қызылтас маңында Новопетровск бекінісін салды. 1845 ж. М.И.Иванин қазіргі Форт – Шевченко қаласының іргетасын қалады. Маңғыстаудың ғылыми түрде зерттеле бастауы ХІХ ғасырдың соңғы кезеңінен күшейе түсті.

Есте сақта!

Адам баласының алдында үш түрлі қарыз бар:

1. Өткенге қарыз (ата – ана алдында).
2. Бүгінге қарыз (ар – ұжданың алдында).
3. Ертеңге қарыз (келешек ұрпақ алдында). Осы үшеуі естеріңізде жүрсін де, әркез өзіңізге есеп беріп тұрғаныңыз абзал.

Сөз таптары. Зат есім.

Сөз табы дегеніміз –тіліміздегі сөздерді мағынасына, тұлғасына және сөйлемдегі қызметіне қарай топтастыру. Қазақ тілінде 9 сөз табы бар:

Зат есім –**белгілі бір зат немесе құбылыс атауын білдіріп, кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.** Мысалы: қопарылыс, химик, өрт, қойма, қазандық , т.б.

10 – жаттығу. *Мәтіннен зат есімдерді тауып, түрлеріне ажыратыңыз.*

Атырау өңіріндегі Жайық пен Жем аралығында көлкіген мұнай кені бар екені ерте заманнан –ақ белгілі болған. Тіпті сол кездің өзінде –ақ жергілікті көшпенді қазақтар жер бетіне шығып жатқан мұнайды сүзіп алып, түйенің немесе адамның теңге қотырын емдеуге қолданған. Бірақ қазақтар бұл үлкен қазынаның жер бетіне шығып жатқан шеті ғана екенін білген жоқ. 18 ғасыр мен 19 ғасырдың алғашқы жартысында Жайық пен Жем өңірінде жер қойнауын зерттеушілердің пайда болғаны белгілі. И.Лепехин (1768ж), П.И.Рычков(1772 ж), П.С.Паллас (1773 ж), С.Г.Гмелин (1785ж), Г.Гельмерсен (1836ж), т.б. Атыраудың географиялық және топографиялық құрылымына, су қорлары мен кен байлықтарына қысқаша геологиялық сипаттама берді. Зерттеушілердің осы алғашқы деректерінің ғылым үшін пайдасы зор болды. Бұдан кейін де Атырауға бірнеше этнограф ғалымдар мен экспедициялар келді.

11 – жаттығу. Мәтіннен жалқы есімдерді тауып астын сызыңыз және Ман – ата туралы ізденіп, мазмұндаңыз.

Ман ата

Үстірттің қыры мен Маңғыстаудың қара ойын жалғастырып жатқан он төрт құлама жолдың негізгісі «Маната» деп аталады. Бұл жердің кейпі ертеректе қандай еді? Әуелі жарқабақты көлбей жиектеген, арқарлар мен адамдар ған жүре алатын жалғыз аяқ жол уақыт өте келе жүк тиеген керуен өте алатын жолға айналды. Осы құлам жолдың екінші аты «Қаратүйе – Маната».

Маната – Маңғыстаудың қақпасы іспеттес. Нағашы әжем Бәттеннен қалған әңгімеде күзде Арқадан арқаланып, жайлаудан қыстауға түбекке қайтқан көштің Манатаға жеткендегі ең алдымен көзге түсетіні – Маңғыстаудың ойындағы Отпан тауының төбесі еді делінетін.

Ман – ата – Маңғыстаудың символдық координаттарының ішінде көрнектілерінің бірі болып табылады, ол – Маңғыстаудың «кілтін ұстаушы», көзге көрінбейтін Жер – су иесі.

12 – жаттығу. Зат есімнің мағыналық түрлерін қатыстыра отырып, Маңғыстаудың алғашқы мұнайшылары туралы әңгіме жазыңыз. Зат есімдерді мағыналық түрлерге ажыратыңыз.

13 – жаттығу. Берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті жалқы есім сөздерді қойып, көшіріп жазыңыз.

1. Біздің университет академик – ғалым атында.
2. Мен теңізінің жағалауындағы қаласында тұрамын.
3. Облысымыздағы алғашқы мұнай фонтаны кен орнында атқылады.
4. қаласынан 17 шақырым жерде қорымы бар.
5. Өлкемізде облыстық «.....» қоғамдық – саяси газеті шығады.
6. Бұрынғы қаласы қазір қаласы деп аталады.
7. Біздің университеттің студенттеріне «.....», «.....» мекемелері демеушілік жасайды.
8. Университет студенттері тәжірибе алмасу мақсатында мемлекетіне оқуға жіберілді.
9. 2011 жылы «.....» тас жолы салынады.
10. «.....» АҚ Республикамыздағы ірі мұнай бірлестіктерінің бірі.

Ақтау, Маңғыстау, Форт – Шевченко, Қошқарата, МаңғыстауМұнайГаз Жетыбай, Бозашы, ҚарақұдықМұнай, Польша, Ш.Есенов, Каспий, Бейнеу – Ақтау, Ақкетік.

Танысамыз!

Маңғыстау атауының шығу тегі туралы

«Маңғыстау» сөзінің шығу тегі туралы тұжырымдар баршылық. Солардың бірі – көшпелілердің құтты мекені, «мың ауыл» немесе «мың қыстау» деген пайымдама. Кешегі күні түбек мұнайының игеріуіне байланысты осы теңеу «Маңғыстау – мыңдаған жолдар өлкесі» деп те айтылды.

1985 ж. жарық көрген Е.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер – су аттары сөздігі» деген кітабында Маңғыстау атауының шығу тегі туралы 4 болжам жинақталып берілген. 1. Өлке аты «мың» және «қыстау» тіркесінен шыққан. 2. ноғайдың «менк» деген тайпасыныңатынан ауысқан. 3. Көне түркі тіліндегі «ман» (төрт жастағы қой) сөзіне «қышлақ» жалғауы арқылы қалыптасқан. 4. Е.Қойшыбаевтың өз болжамы – «Маңғыштағ» - «құбыжықтар тауы» дегенді білдіреді. Маңғыстауды «маңғыш» - «тау» - қорқынышты алып айдаһардың мекендеген тауы дегенді білдіреді деп тоқтам жасауға толық негіз бар. Себебі, Қаратау жоталары бірнеше қашықтыққа созылып жатыр және ең енді жері 10 – 11 км-ден аспайды. Өсімдік жамылғысы жоқ, үсті толқынды тегістелген бедерлі болып келетін таулардың түсі қара – көк болып келеді. Егер де екі жағындағы Ақтау биігінен көз салсақ, сұрқай сары далада қарайып созылып жатқан таулар алып жыланға, айдаһарға ұқсайды. (С.Қондыбаев «Маңғыстау географиясы»)

Есте сақта!

Кітап – көп ақылдың құйылған көлі, ол – ортақ мүлік, халық қазынасы, сарқылмас білім бұлағы, кәріліктің ең жақын досы.

Сын есім

Сын есім дегеніміз-заттың түрлі сындық қасиетін, яғни түрін, түсін, иісін, дәмін, көлемін, салмағын білдіретін, қандай? қай? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы. Мысалы: терең бұрғылау, биік мұнара, таулы аймақ, жазық дала, т.б.

Сын есімнің шырай формасы

Сын есімнің шырай формасы дегеніміз – заттың сынының бір-бірінен артық я кемдігін, яғни әр түрлі дәрежеде болатындығын білдіретін форманың түрі. Мысалы: аласа мұнара, аласалау мұнар, аласарақ мұнара, ап – алапса мұнара, , өте аласа мұнара, т.б. Қазақ тілінде шырайдың 4 түрі бар:

1. **Жай шырай.**
2. **Салыстырмалы шырай.**
3. **Күшейткіш шырай.**
4. **Асырмалы шырай.**

14 – жаттығу. *Мәтіннен сын есім сөздерді тауып, шырай түрлеріне ажыратыңыздар.*

Мұнайды және мұнай өнімдерін тасымалдау

Мұнай және мұнай өнімдерін қашық жерлерге жеткізу үшін теміржол, су көлігі, құбыр жолы және автокөлік қолданылады. Кейбір жағдайларда олар шағындау ұшақпен және тікұшақпен тасылады.

Су көлігімен (теңізбен, өзенмен) ішкі мұнайды және мұнай өнімдерін (бензин, керосин, дизель отынын, мазут, т.б.) өздігінен жүретін орасан үлкен танкерлерге және өздігінен жүрмейтін лихтерлер мен биржалар типтегі кемелермен тасиды.

Автокөлікпен мұнай өнімдері ірі мұнай базаларынан ұсақ мұнай базаларына, әрі қарай тұтынушыларға жеткізіледі. Бұл ретте өнімдер алып автоцистернамен, сол сияқты кішілеу ыдыстармен де тасылады.

Мұнай және мұнай өнімдерін құбырмен өте көп мөлшерде және кез-келген қашықтыққа тасымалдауға болады.

15 - жаттығу. *Берілген сөйлемдердегі сын есімдерді мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.*

Мұнай кәсіпшілігінде, мұнай өңдеу зауыттарында пішіндері мен көлемдері әртүрлі, үлкен және кішілеу ыдыстар болады. Қолданысына қарай бұл ыдыстар ашық түсті мұнай өнімдерін, қоңырқай түсті мұнай өнімдерін сақтайтын қазандықтар деп бөлінеді.

Жасалған материалына қарай металдан және металл еместен жасалған деп бөлінеді. Металл ыдыстарға болаттан жасалған ыдыстар, металл еместерге темірбетон қазандықтары жатады. Бұл қазандықтардың барлығы пішіні жағынан вертикальдық, цилиндрлік, көлбеу, тамшы тәріздес болып бөлінеді.

16 – жаттығу. *Берілген сын есім сөздердерден күшейтпелі шырай жасап, сөйлем құраңыз.*

Үлкен	қою	тығыз
Қатты	сұйық	көлбеу
Биік	тіке	тура
Жазық	көркем	аласа
Сараң	қалың	лас
Ыссы	таяз	кіші
Жомарт	қызыл	домалақ
Нашар	үркек	ескі

17 – жаттығу. *Төмендегі сын есімдерден салыстырмалы шырай жасап, сөйлем құраңыз.*

Қымбат	өткір	мөлдір
Ұзын	ауыр	таза
Қисық	түзу	толық,
Қысқа	жұмыр	ащы

18 – жаттығу. Берілген сын есімдерді мағыналық жағынан байланысатын зат есім сөздермен тіркестіріп, сөз тіркесін жасаңыз.

Үлгі: Тәтті нан, тәтті тоқаш, тәтті қауын, т.б.

Сары	тентек	өнерпаз	кең
Жуас	ынжық	жаман	бұлтты
Жұқа	ащы	дәмді	әскери
Қатал	арық	салқын	тарихи

19 – жаттығу. Төмендегі сын есімдерден сапалық сын есімдерді бір бөлек, қатыстық сын есімдерді бір бөлек жазыңыз.

Еріншек, ағайынды, көк, шикі, терең, ұялшақ, бұзық, пайдақор, ұйқышыл, қоңыр, бай, кәсіпқой, әзілқой, қалалық, жазық, тайғақ, беделді, сұнғақ, ұрысқақ, айқын, байсалды, заңшыл, жалпақ, бұзық, әдепсіз.

Танысамыз!

Маңғыстаудың жер – су атаулары

Жер – су атаулары табиғи ортаның тұрақты құраушыларының қатарына жатады. Атаулар кез – келген жердің, объектінің сыртқы сипатын, ішкі сырын көрсете алады. Маңғыстауда тұрған қалмақтар мен ноғайлар да, кейінгі орыстар да аз да болса жаңа жер – су аттарын (Форт -Шевченко, Керел, Онды) өмірге келтірді.

Маңғыстаудың құрғақ климат жағдайында жер атаулары да осы су төңірегіне байланысты жиі қойылды(Қарақұдық, Ащықұдық, Ақсу, т.б.). Жер бедеріне, өсімдікке байланысты (Жыңғылды, Қияқты, Жиделі, т.б.), жан – жануарларға (Түлкілі, Бөрібас, Арыстан) байланысты қойылған. Адам атаулары қазған құдығына, болған оқиғаға қарай қойылған (Мәмішқазған, Жаңайқазған, Күйкенұшқан). Маңғыстау халқы үшін киелі жерлер болып саналатын Бекет ата, Шопан ата, Қараман ата атаулары да бар. Тарихта аты қалған адамдардың есімі осы топонимика арқылы сақталып отыр. Сам құмы – шоңай руынан шыққан зерттеу экспедициясына жол көрсетуші кісі атынан, Бейнеу жергілікті бай кісінің атынан қалыптасса, Сайөтес, Төлеп, Тұщыбек, Жетібай да өлкенің белгілі адамдарының атынан, ал Уәлі, Қырықкез, Қошақ – ноғай батырларының, Онды – қалмақ тайпасы Даян Омбы, Өрдек – қалмақ батыры – Хо – Урлюктің, Керел – орыс байы Кириллдың атынан шыққан.

Есте сақта!

Ізденсе, талаптанса, қолдан келмейтін нәрсе жоқ. Құнттамаған, ізденбеген, өнердің соңына шырақ алып түспеген адамның жұмысы берекелі болған емес.

Сан есім

Сан есім – заттың санын, ретін білдіретін сөз табы. Мысалы: он тонна мұнай, бесінші цех, мың тоғыз жүз алпыс бірінші жыл, т.б.

Сан есімдердің құрамына қарай екі түрі бар: дара сан есімдер, күрделі сан есімдер. Дара сан есімдер: бес, елу, жүз, мың, т.б. Күрделі сан есімдер: жиырма бес, бес жүз алты, мың бір жүз сексен сегіз, жеті жүз мың тоғыз жүз тоқсан алты, т.б.

Қазақ тілінде сан есім сөздердің мағынасына қарай 6 түрі бар: есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, болжалдық сан есім, топтау сан есім, бөлшектік сан есім.

20 – жаттығу. Мәтіндегі сан есімдерді жазбаша жазып көшіріңіз.

Жетібай кен орыны

Жетібай мұнайгаз конденсатты кенорыны Ақтау қаласынан оңтүстік – шығыста 80 км жерде орналасқан. Құрылым 1955 жылы айқындалып, 1961 жылы ашылды. Құрылымның өлшемдері 22,5 x 6,5 км, амплитудасы 60 м. Өнімділіктері жоғарғы және ортаңғы юра түзілімдері болып табылады. Онда құмтастар, құмайттастар және саздардан құралған 13 горизонт анықталған. Қиманың өнімді бөліктерінің жалпы қабаты 700 м асады. Өнімді горизонттардың жатыс тереңдігі 1700-2500 м.

Жинауыштарының мұнайқанығу қалыңдығы 1,3 -21,2 м шегінде, газқанығу 2-14,4 м дейін. Барлық горизонттардың мұнайы 830-870 кг/м тығыздығы бойынша жеңіл және орташа, шайырлы 4,53-15,5%, жоғары парафинді 17,2 -25% , аз күкіртті 0,2 -0,28% .

21 – жаттығу. Мәтіндегі сан есімдерді мағыналық түрлеріне және құрамына қарай ажыратыңыз.

Дүниежүзілік мұнай-газ өндірудің өсу динамикасы

XX ғасырдың басында өнеркәсіптік мұнайды дүниежүзінің тек қана 19 елінде ғана өндірген. 1940 жылы мұндай елдер 39, 1972 жылы – 62, 1989 жылы – 79 болды. Газ өндіруші елдердің саны да осылайша артты. Қазір мұнай және газ Арктикадан басқа, құрлықтың барлық бөліктерінде өндіріледі.

Мұнайгаз кенорындарының географиясы, сондай-ақ энергоресурстарды өндіру көлемі уақытпен қоса мәнді өзгерістерге ұшырады.

1900 жылы 20 млн тоннаға жуық мұнай өндірілді, соның ішінде Ресейде – 9,9 млн.т; АҚШ –та 8,3; голландиялық Ост – Индияда (Индонезия)-0,43; Румыния мен Австро – Венгрияда – 0,33; Жапонияда – 0,11; Германияда – 0,05 млн. тонна.

1920 жылы планетамызда 95 млн т мұнай өндірілсе, 1945 жылы – 350-ден жоғары, 1960 жылы 1 млрд. тоннадан жоғары болды.

22 – жаттығу. Берілген сөйлемдердегі сан есімдерді мағыналық түрлеріне және құрамына қарай ажыратыңыз.

1. Ұзыны **он шақты** километрге созылған мұнайшылар қалашығының жалпы жобасы осылай сызылған еді.
2. Өз ісінің шебері Мұрат қарияның **жетпіс** жасқа толуына байланысты жас мұнайшы мамандармен кездесу өткізді.
3. Жұмысшылардың **үштен бірі** тепсе темір үзетін азамат жігіттер.
4. Жылдың **екінші** тоқсанында мұнайшылар **бес жүз мың** тонна мұнай өндіріп, үлкен жетістікпен аяқтады.
5. Жиналыста мұнараларды ай сайын **екі-екіден** күрделі жөндеуден өткізуді жоспарлады.
6. Жаңадан жұмысқа алынған операторлардың **бесеуі** де оқуды биыл бітірген тәжірибесіз мамандар екен.

23 – жаттығу. *Берілген санамақты көшіріп жазып, жаттаңыз. Халық ауыз әдебиетіндегі санамақтың басқа да үлгілерін жинақтаңыз.*

Бір дегенің – білеу,
Екі дегенің – егеу.
Үш дегенің – үскі,
Төрт дегенің – төсек,
Бес дегенің – бесік,
Алты дегенің – асық,
Жеті дегенің – желке,
Сегіз дегенің – серке,
Тоғыз дегенің – торқа,
Он дегенің – оймақ,
Он бір – қара жұмбақ.

24 – жаттығу. Жаңылтпаштардың ішінен сан есімдерді табыңыз және жаңылмай жатқа айтуға жаттығыңыз.

1. Үш кіші ішік піштім,
Бес кіші ішік піштім:
Неше кіші ішік піштім?

2. Алпыс алты ала баспақ бақтым,
Алпыс алты ала баспақтың ішінде
Тарғыл тарбақ бас ақ баспақ бар,
Сол тарғыл тарбақ бас ақ баспақты
Мен тарғыл тарбақ бас ақ баспақ демей,
Кім тарғыл тарбақ бас ақ баспақ дейді.

3. Арқада алты арқар бар,
Қырқада қырық арқар бар.
Қырық арқарда қарт арқар бар,

Алты арқарда марқа арқар бар.

4. Суда сең келеді,
Сегіз серке тең келеді.
Суға сақалын мала, сілке,
Суға сақалын мала, сілке.

Танысамыз!

Маңғыстау байлықтары

Маңғыстауда тек мұнай мен газдан басқа да кен байлықтары мол. Соның бірі әктас (ракушечник). Оның қоры шексіз мол мөлшерде. Физика механикалық қасиеттері Оңтүстік Украина және Қырым тастарынан жоғары болып келеді. Түстері қызыл, мрамор түсті ақ, буалдыр көкшіл, ақ сары, жасыл малахит түсті болып келеді. Әктас көп жерде пайдаланылатын құрылыс материалы. Маңғыстауда құрылысқа өте керекті бор мен құмды ізбестің (мергель) қоры да бар. Саздың түрлері де жеткілікті. Шыны ыдыс жасауға өте жарамды бентаниттің де қоры кездеседі.

Маңғыстауда өзен сулары болмағанмен жерасты, оның ішінде шипалы сулардың көзі мол. Олар бромды, хлоридті, натрийлі, күкіртті болып келеді. Бұл сулар көптеген Кавказ суларынан кем түспейді және 20 шақты аурудың түріне ем болады.

Маңғыстаудан көмір кені де табылып, 1944 жылы Таушық жерінен 18 мың тонна көмір өндірілді. Таушықтың көмірін тиімді пайдалану болашақтың ісі. Маңғыстауда сирек кездесетін қымбат странций металын алуға мүмкіндік беретін целестин және мыс кен орындары да бар. Уран кен орны ашылған соң құрылған тау-кен металлургия комбинаты уранмен қатар сирек кездесетін құнды металдарды да шығарды.

Есте сақта!

Астым деп зорлыққа барма, өзіңнен зор шықса, жағыңды сындырар. Аздым деп ұрлыққа барма, өзіңнен сақ шықса, сағыңды сындырар. Ақ сөйлеп, адал кәсіпті әдет қыл, алдыңнан ақылды шықса, ісіңді тындырар.

Есімдік

Есімдік дегеніміз –зат есім, сын есім, сан есім сөз таптарының орнына қолданылатын сөз табы. Мысалы: Бұрғышы бұрғылады –ол бұрғылады, мұнараны тексер – **мынаны** тексер, т.б.

Қазақ тілінде есімдіктің мағынасына қарай 7 түрі бар: жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі, сұрау есімдігі, өздік есімдігі, жалпылау есімдігі, белгісіздік есімдігі, болымсыздық есімдігі.

25 – жаттығу. Берілген сөйлемдердегі есімдіктерді тауып, астын сызып, мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.

1. Біз мұнайшылар қалашығына күн бата жеттік.
2. Сен олардың қай кен орнынан келгенін білмедің бе?
3. Мұнайшы боламын деген әрбір жас маманға қажырлы қайрат пен төзімділік қажет.
4. Бүгінгі жиналысқа барлық бұрғышылар міндетті түрде қатыссын.
5. Әлдекімнің білместігінен құбырдың жарылғанын дер кезінде білмей қалдық.
6. Мұнай базасында ешкім жоқ дегенің таңданарлық жаңалық екен.
7. Қарт мұнайшы білгенін өзгелерге үйретуден жалыққан емес.
8. Ескі құбырлардың ешқайсысы әлі күрделі жөндеуден өткен жоқ.
9. Маңғыстаудағы алғашқы мұнай фонтаны қай жерде, қашан атқылады?
10. Ол ешкіммен кеңеспестен, тез шешім қабылдады.

26 – жаттығу. Мәтіннен есімдіктерді тауып, мағыналық түрлеріне ажыратып көшіріңіз.

Мұнай базасының шаруашылығы

Мұнай өнімдерін сақтау, қабылдау және өткізу үшін құрылған қондырғылар мен ғимараттардың түгел жиынтығын мұнай базасы деп атайды. Істейтін жұмысына қарай олар екі түрлі болады:

1. Мұнай өнімдерін сақтайтын және олармен тұтынушыларды қамтамасыз ететін дербес шаруашылық ;
2. Өз қарамағындағы белгілі бір өнеркәсіпті (автошаруашылық, теміржол станциялары) ғана жабдықтайтын мұнай базалары немесе мұнай қоймалары.

Мұнай базалары өзінің меншікті территориясында орналасса, екінші түрдегі мұнай базалары өзі қарайтын өнеркәсіптер мен шаруашылықтардың территориясында орналасады.

Әрбір мұнай базалары қызмет атқарудағы шапшаңдығына, өнімдерді әкелу, шығару жағдайларына қарай: қайта тиеуші мұнай базасы, шикізат және товарлық завод мұнай базасы, тарату базасы болып бөлінеді. Көптеген аралас базалар да болады. Мұнай базасында мына операцияларды орындайды:

1. Теміржол цистерналарымен, мұнай құятын кемелермен, құбырлармен келген барлық мұнайды қабылдайды;
2. Мұнай өнімдерін қазандықтарда және ыдыс қоймаларында сақтайды;
3. Мұнай өнімдерінің әлденеше үлкен партияларын теміржол цистерналарына, мұнай құятын кемелерге, құбырларға жібереді;

27 – жаттығу. Төмендегі есімдіктерге сөйлем құраңыз.

Сендер	ешбір	әлдекім	барлық
Өз	қайда	біздер	мына
Сол	өздері	қашан	әлдеқашан

Түгел
Ешқашан

біреу
мен

кім
қайда

өзіме
анау

Танысамыз!

Каспий теңізі

Каспий – дүние жүзіндегі ең үлкен ағынды көл. Оның қазіргі ауданы теңіз деңгейінің көтерілуіне байланысты нақты анықталмаған, ал 1977 жылы 371 мың км болды. Жаға сызығының ұзындығы 7 мың км, оның 1,7 мыңы Қазақстанға, 1,1 мыңы Маңғыстау облысына кіреді. Каспий теңізін қазақтар «Атырау теңізі» десе, Маңғыстау түрікмендері «Хазар теңізі» деп атаған. Әр кезеңде оның Гиркан, Хвалын, Абескун, т.б. атаулары қолданылған.

Каспий теңізінің маңғыстаулық жағалауы шөлді аймаққа жатады, солтүстік жағалауы жазық, аласа болып келсе, Бекдаштан Сарытасқа дейінгі батыс жағының көп жері тік жарлауытты болып келеді. Теңіздің орташа тұздылығы 12%, Маңғыстау жағалауында 10 - 12% болады. Оның тұздылығы жыл мезгілдерінде өзгеріп отырады. Қыс айларында солтүстікте мұз қатады.

Есте сақта!

Адамға ар азық болмайды, ас азық болады. Солай бола тұрса да, арды асқа айырбастауға болмайды. Азамат адамға ардың орны ешуақытта толмайды.

Етістік

Етістік- іс-әрекетті, қимылды білдіріп, не істеді? қайтті? не істемек? не қылды? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы. Етістікке тән шақ, рай, болымсыз етістік, тұйық етістік категориялары бар.

28 – жаттығу. *Мәтінді көшіріп, дара етістіктің астын бір сызықпен, күрделі етістіктің астын екі сызықпен сызыңыз.*

Қазақстанның алғашқы мұнай тасымалы

Бұрынғы КСРО-ның мұнай тасымалдайтын ерекше жүйесі қазіргі заманда шекараны білмейді. Қазір бұрынғы КСРО-ның 49 мың км мұнай құбыры Ресейдің құқығына ауысты және олармен Қазақстанның барлық мұнай-газ тасымалдау жүйесі тығыз байланыста.

Алғашқы мұнай құбыры 154 км Доссор-Ракуши-Каспий құбыры Қазан төңкерісіне дейін салынды. 1934 жылы ұзындығы 830 км Каспий – Орск мұнай құбыры тартылды. 1970 жылы дүниежүзінде бірінші рет ерекше трансконтинентальды ұзындығы 1500 км Өзен-Атырау-Самара ыстық мұнай құбыры салына бастады.

Мұнай құбырларын бір орталықтан басқару қажеттігіне байланысты және ең ірі Өзен-Құлсары-Атырау-Самара мұнай құбыры сенімді жұмыс жасау үшін 1971 жылы «Оңтүстікмұнайқұбыр» өндірістік бірлестігін Атырау қаласынан Ақтау қаласына көшірді.

29– жаттығу. *Берілген өткен шақ тұлғалы етістікті осы шақ немесе келер шақ тұлғалы етістікке айналдырып, сөйлем құраңыз.*

Өндірді	мәлімдеді	жөндеді
Тазаладым	тартылды	бұрғыланды
Жеткіздік	аяқтады	көштік
Тасымалданды	орындадың	орнатылды

30 – жаттығу. *Берілген сөйлемдерді етістіктің шақтарына ажыратыңыз.*

1. Мұнайшылар қалашығына Алматыдан әртістер келді.
2. Мұнай базаларындағы ескі қазандықтарды ауыстырып жатырмыз.
3. Жаңадан тартылған құбырларды ертең іске қосамыз.
4. Цех бастығы Болатбек жиналыс өткізуге келеді.
5. Мұнайшылар арасында футболдан жарыс өтті.
6. Мереке қарсаңында сыйақы береді деп естіп жатырмыз.
7. Олардың жатақханалары жұмыс орындарына жақын орналасқан.
8. Бірлестіктің басшылары мұнайшылармен кездесті.
9. Бұрғылау жұмыстарының басталғанына көп болған жоқ.
10. Ол ең үздік мұнайшылардың қатарынан көрінгісі келеді.

31 – жаттығу. *Сөйлемдердегі етістіктердің қай рай тұлғасында қолданылғанын анықтаңыз.*

1. Мен мұнайшылар қалашығына бірінші рет келіп тұрмын.
2. Мұнда өзің жақсы болсаң, өзгелер де сен сыйлап тұратынын байқадым.
3. Жаңадан салынған жатақханаға орналасқым келіп еді, бірақ одан орын тимеді.
4. Мереке күндері үйіме барғым келіп еді, бастығым рұхсат етпеді.
5. Жұмыс қиын болса да, «шыда, Тимур, шыда» деп өзіме - өзім ұрысып қоямын.
6. Жұмыстан соң бөлмелес жігіт келсе, кітапхананың қайда екенін сұрауым керек.

32 – жаттығу. *Берілген тұйық етістік тұлғалы етістіктерді қатыстырып сөйлем құраңыз.*

Қазу	орнату	бекіту
Тасымалдау	құлау	көшу
Айдау	тексеру	анықтау
Қопару	атқылау	пісіру
Өткізу	қоршау	жеткізу
Сайлау	жару	бұрғылау

Танысамыз!

Каспий теңізінің ресурстары

Каспий теңізі балыққа бай. Бекіре, сазан, шортан, пілмай, қаракөз, мұңгірт, ақ балық, албырт, судақ, майшабақ, шоқыр, миного, кефаль, т.б. жалпы саны 30 астам кәсіптік балықтар мекендейді. Каспий итбалығы – үлкен шаруашылық маңызға ие. Оның кейбірінің салмағы 80 кг дейін жетеді. Бағалы балықтар арасында бекіре (қызыл балық) уылдырығы дүние жүзілік өнімнің 80% береді.

Маңғыстау халқының өмірінде теңіздің ролі үлкен. Ақтаудағы су тұщыландыру қондырғысы (тәулігіне 130 мың м) облысқа қажетті судың 4/5 беріп отыр.

Геологиялық ізденістер Каспийдің Маңғыстаулық қайраңынан (шельфінен) мұнай – газ қорының бар екенін растады. Бұл – дүние жүзілік маңызы бар қоры жөнінен Парсы шығанағынан кем түспейді.

Есте сақта!

Өрт сөндіргеннен, өсек сөндіру әлдеқайда қиын екенін есте сақта!

Үстеу

Үстеу дегеніміз – белгілі бір іс-әрекеттің жай-күйін, мезгілін, мекенін, мақсатын, мөлшерін білдіретін сөз табы. Қашан? қалай? қайда? қанша? қайдан? деген сұрақтарға жауап береді.

Қазақ тілінде үстеудің мағыналық 7 түрі бар:

1. Мезгіл үстеуі
2. Мекен үстеуі
3. Мөлшер үстеуі
4. Мақсат үстеуі
5. Сын –қимыл үстеуі
6. Себеп –салдар үстеуі
7. Күшейткіш үстеуі

33 – жаттығу. *Берілген сөйлемдердегі үстеулерді тауып, мағыналық түрлеріне ажыратыңыз.*

1. Алыстан мұнара тым аласа көрінді.
2. Өткен жылғы көрсеткішке қарағанда жоспарды анағұрлым артық орындаппыз.
3. Бағананың жоғары жағында тұрған электрик жерге құлап түсті.
4. Арман алға қарай кеткен геологтар экспедициясын қуып жетуге асықты.
5. Қазандық басында жарылыстан болған өртті мұнайшылар әрең сөндірді.

6. Түсте кен орынында температура 52 градус ыстықты көрсетті.
7. Ол бастығының айтқанын әдейі елемеді.
8. Қарсы вахтадағы оператор келмегендіктен, ол амалсыздан тағы да жұмыста қалды.
9. Мұнайшылардың осынша еңбегі кейде ескерілмей жатады.
10. Бүгін бұрғышының жұмысы мүлде ілгері жүрмей қойды.

34 – жаттығу. *Төмендегі үстеулерді қатыстыра отырып сөйлем құраңыз.*

Соншама	бұрын	жоғары
Тез	лажсыздан	қасақана
Өзінше	биыл	төмен
Осынша	кешке	нағыз

35 – жаттығу. *Үстеулердің мағыналық түрлерін қатыстыра отырып «Мұнайшылар қалашығында» деген тақырыпта әңгіме жазыңыз.*

Танысамыз!

Маңғыстаудың арасан және ыстық сулары

Арасан және ыстық сулар – емдік қасиетке ие сулар болып табылады және олар біздің өлкемізде де кездеседі. Мұндай суларға құрамындағы қатты заттардың мөлшері 1г/л асатын немесе көмір қышқыл газы, басқа да пайдалы микроэлементтерге ие, температурасы +20С-тан асатын сулар жатады.

Маңғыстау облысында әзірге Құрық және Ақтау қаласы жанындағы «Газтөбе» сулары пайдаланылады. Құрық суының температурасы 69 – 70С, 1000 м тереңдіктен шығады, оның суымен «Қарақия» емдеу мекемесі жұмыс істейді.

Соңғы кезде геологиялық ізденістер нәтижесінде Шетпе маңында «Көгез» минералды суы табылды. Осындай жер асты сулары Қорғанбай, Жоласқан – Еспелісай, Дөңге, Солтүстік Үстірттегі Арыстан, Қарақұдық, Терең, Ұялы, Арнасай жерлерінен де табылып отыр.

Есте сақта!

Елді пір тұтып, көпке арқа сүйесең, адаспайсың. Жабыққан күндерінде жаныңа желеу, көңіліңе демеу болады. Елдің саған деген ықыласынан асқан сый – құрмет жоқ.

Еліктеу сөздер

Еліктеу сөздер дегеніміз - өмірдегі табиғат құбылыстары мен айналаны қоршаған заттардың бір-біріне соқтығысуынан пайда болған дыбыстары мен жан-жануарлардың шығаратын дыбыстарын еліктеп қайталаудан туындаған сөздер.

Қазақ тілінде еліктеу сөздердің екі түрі бар:

1. Еліктеуіш сөздер
2. Бейнелеуіш сөздер.

36-жаттығу. Берілген еліктеу сөздерді түрлеріне қарай ажыратып жазыңыздар.

Ербең – ербең	тасыр – тұсыр	бүлк – бүлк
Шиқ – шик	сылқ – сылқ	қарқ
Ырс – ырс	қолп – қолп	қарш – қарш
Селк – селк	шіңк – шіңк	емпең – емпең
Жалт – жұлт	шолп	желп – желп
Тық – тық	салп – салп	гүж

37 – жаттығу. Төмендегі еліктеу сөздерді қатыстыра отырып сөйлем құраңыз.

Салдыр – гүлдір	маң – маң	ырс – ырс
Тырс – тырс	шіңк – шіңк	дүңк – дүңк
Тарс – тұрс	пыс – пыс	желп – желп
Сылдыр – сылдыр	бақ – бақ	қорбаң – қорбаң

38– жаттығу. Сөйлемдедегі көп нүктенің орнына тиісті еліктеу сөздерді қойып көшіріп жазыңыз және түрлеріне ажыратыңыз.

1. Анам асып жатқан сорпа қайнап, хош иісі мұрынды жарып барады.
2. Кішкентай інім етіп ұйықтап жатыр
3. Түйелер алыста басып келеді.
4. Қаладан ауылға жеткенше ескі машинаның жүрісі жүйкеме тиді.
5. Ол екі иығы етіп ұзақ күлді.
6. Жаңбырдың алғашқы тамшылары тама бастады.
7. Апайдың келе жатқаны біз өкше туфлиініңеткен дыбысынан білінді.
8. Әжеміздің шолпысы етеді.
9. Осы бір адамның жүрісін ұнатпаймын.
10. Ағам денесінің үлкендігінен аюларшаетіп жүреді.

Қажетті сөздер: тырс – тырс, қорбаң – қорбаң, тық – тық, бүлк – бүлк, салдыр – гүлдір, ербең – ербең, маң – маң, пыс – пыс, сылдыр – сылдыр, селк – селк.

Танысамыз!

Маңғыстаудың жануарлар дүниесі

Маңғыстау өлкесі жануарлар дүниесіне кедей. Қазақстанда кездесетін 163 жабайы аңның 44 осы аймақты мекен етеді, ал оның 9 Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген (қарақұйрық, үстірт қойы, т.б.). Ірі жануарларға муфлон – үстірт қойы, киік, қарақұйрық, қарақал, мәлін, қасқыр, құм мысығы, түлкі, қарсақ,

т.б. жатады. Үстірт қойы – арқардан екі есе кіші, үстірт ернетерінде ғана мекендейді. Шөлдің тұяқтыларына тән ортақ қасиет олардың жүйріктігі. Киіктер мен қарақұйрықтардың жылдамдығы 80 км/сағ дейін жетеді.

Маңғыстау жерінде мысық тұқымдастардан барыс(гепард), қарақал, құм және дала мысықтары, мәлін бар.

Бауырымен жорғалаушылардан кесірткенің 17 түрі, жыланның 9 түрі, тасбақаның 1 түрі кездеседі. Жыландардың ішіндегі улылары – теңбіл жылан, оқ жылан және қалқантұмсық болып табылады.

Маңғыстауда 150 құс түрі мекендейді немесе уақытша маусымдық ұшу кезінде аялдайды. Оның ішінде 44 құс түрі Қызыл кітапқа енгізілген.

Есте сақта!

Ойына келгенді сөйлеу – наданның ісі. Алдына келгенді жеу – хайуанның ісі.

Одағай

Одағай дегеніміз – сөйлем мүшесі бола алмайтын, бірақ адамның түрлі көңіл –күйін білдіретін немесе үй жануарларын шақыру үшін қолданылатын сөздер.

Одағайларды қолданылу ерекшелігіне байланысты үш түрге бөлеміз:

1. **Көңіл-күй одағайы.**
2. **Жекіру одағайы.**
3. **Шақыру одағайы.**

39 – жаттығу. *Көңіл – күй одағайларын қандай сезімді білдіріп тұрғандығына байланысты топтастырыңыз.*

Үлгі: Таңдану сезімі: мәссаған,,.....

Уһ	қап	ойпырмай
Мәссаған	алақай	әттеген-ай
О тоба	беу	бәрекелді
Оһо	әттең	астапыралла
Япырмау	пәлі	пай-пай
Аһ	паһ	япырай
Уа	пішту	ойдайт

40 – жаттығу. *Шақыру одағайларының қай үй жануарына қатысты екенін ажыратып, сөйлем құраңыз.*

Пұшайт – пұшайт	кә - кә	моһ – моһ
Кәус – кәус	кіс – кіс	ауқау – ауқау
Шөке – шөке	сорап – сорап	құрау – құрау
Көс – көс	шәйт – шәйт	шөре – шөре
Мыш – мыш	әүкім – әүкім	шөк – шөк

41 – жаттығу. Берілген өлең жолдарындағы одағай сөздердің қандай көңіл – күйде айтылып тұрғанын анықтаңыз және өлеңнің жалғасын тауып, жаттаңыз.

Пай, пай! Пай!

Сағындым – ау, сағындым – ау!

Талықсып, тар төсекке таңылдым – ау!

Қапыда қалтылдаған жаным мынау,

Жартқан, нағылдым – ау, нағылдым – ау?.. (М.Мақатаев)

Бүгін менің туған күнім.

Ой, бәле – ай!

Мына адамдар неге жатыр тойламай?..

Банкет жасап берер едім өзім – ақ

Тәңірдің бір жарытпай – ақ қойғаны – ай. (М.Мақатаев)

Танысамыз!

Маңғыстау құдықтары

Маңғыстау құдықтары - өлкенің көпшілік түпкірінің негізгі су көздері болып табылады. Құдық адам қолынан шыққан тболғанмен, Маңғыстау табиғатының ажырамас элементі іспетті. 1870 жылы облыс аумағында 1139 құдық болса, XX ғ.басында 4,2 мыңға жеткен. Қазір олардың көпшілігі көміліп, не суы ішуге жарамсыз болып қалып отыр.

Маңғыстау халқының жадында көптеген құдықшы – шеберлер туралы тарихи әңгіме, аңыздар сақталып қалған. Олардың аттары немесе қаздырған адамдардың аттары құдықтардың атауына айналған. Мысалы: Қарашқазған, Мәмішқазған, т.б.

Маңғыстаулық қазақтар тілінде құдыққа байланысты сөздер, сөз орамдары жеткілікті. Мұның өзі бұл кәсіптің төл өнер екендігін айғақтайды. Мәселен»шымырау»(шыңырау) өте терең құдықтардың бар екендігін білдірсе, «таңқы» шымыраудағы судың аздығын көрсетеді. Ал «ыза»(тайыз құдық), «орпа» (тақыр суын жинайтын құдық), «еспе» (суы аз, орта тереңдіктегі құдық), «бас» (тереңдігі 5 – 6 метрлік құдық)атаулары да әр түрлі құдықтардың болуымен байланысты және осыған байланысты құдық атаулары да бар: Ақшымырау, Тереңорпа, Ақеспе, т.б.

Атақты құдықшылардың аттары: 1. Шегем Орақ – Бәли құдығы;

2. Қараш Бейнеубай – Дүңгірлек, Бесекөз – Тәңке, Күдерсу, Дауысты, Киікбай.

3. Бегей Ораз Өмірұлы – Ұзын, Терең, Бесшымырау, Ақшоқы, т.б.

Есте сақта!

Үлкен адамдар алдында иіліп сөйлеңдер. Кішілер алдында сызылып сөйлеңдер. Иіліп сөйлегеннен сөздерің үгілмейді. Сызылып сөйлегеннен белдерің бүгілмейді.

Шылау

Шылау дегеніміз - сөздерді, сөйлемдерді байланыстыратын, толық мағыналы сөздерге тіркесіп көмекшілік қызмет атқаратын, өзі тіркескен сөзге үстеме мағына беретін, өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайтын сөздер.

Қазақ тілінде шылаулар қызметіне қарай 3 топқа бөлінеді:

- 1. Септеулік шылаулар.**
- 2. Жалғаулық шылаулар**
- 3. Демеулік шылаулар.**

42 – жаттығу. *Берілген шылауларды қатыстырып сөйлем құраңыз.*

Сайын	қатар	бен
Соң	өйткені	шіркін – ай
Ма	-мыс	кейін
Кейде	таман	сонда да
Бірге	әйтпесе	дегенмен

43 – жаттығу. *Мәтіннен шылауларды тауып, түрлеріне ажыратыңыз.*

Мұнай және газ өнімдері жер астынан ұңғыма арқылы алынады. Бұрғыланып болған соң, яғни құрылысы аяқталған ұңғыма күрделі, шахта сияқты құрылыстың бірі болып табылады. Ұңғымалар зерттеу институтында орындалған жеке немесе топты жоба бойынша құрылып, бұрғыланады. Жобада сонымен қатар бұрғылау процесі үшін қанша зат – материал керектігі, құрылыстың әрбір циклінің орындау мерзімі және жұмсалатын қаржы мөлшері көрсетіледі. Ұңғыма бұрғыланып құрылысы біткеннен кейін байқау, сынау және зерттеу жұмыстары орындалады. Жалпы ұңғыма құрылысын сапалы аяқтау үшін жақсы жоба ғана емес, оны іске асыруға қазіргі уақыттың құрал-сайманы, іскер жұмысшы тобы және техник-инженер мамандар керек.

44 – жаттығу. *Шылауларды түрлеріне қарай топтастырып көшіріңіз.*

Ма, ме, -мыс, - міс, шейін, сол себепті, қатар, дегенмен, бен, сайын, жөнінде, - ай, - ау, үшін, егер де, соң, өйткені, әрі, кейін, мейлі, бірге, ше, -ды, ғана, гөрі, кейде, бұрын, сонда да.

Танысамыз!

Маңғыстаудың жыл мезгілдері және амалдар

Қазақтар жыл мезгілдерінің ауысуын өзіне ғана тән ерекшеліктерімен атайды. Ауа райының әр айда, әр маусымда болып тұратын құбылыстарын амал деп атайды. Көктем. Көктем айларын Маңғыстауда хамал, сәуір, зауза деп атап, жыл басы наурыздың 14 – нен басталған. Наурыз айының аяғы мен көкектің басында «бесқонақ» амалы өтпейінше (кейде оны «амалдың ақша қары» деп те атайды),

шын мәнінде көктем туа қоймайды. Екінші амал – «Құралайдың салқыны» деп аталады, бұл кезде киік, қарақұйрық лағын өргізеді. Мамыр айында өлкеде «тасбақа дауылы» өтеді, яғни тасбақа інінен шыға бастаған кезде шаңды борандар болатыны халық байқаған.

Жаз. Үркер шоқжұлдызы маусым – шілде айларында қайта туады, осы кезең «қырық күн шілде» деп аталған. Жаз айларының аяғында Таразы, Сүмбіле жұлдыздары көріне бастайды. Халық арасындағы «Таразыда таң суып, Сүмбіледе су суиды» деген сөз жаздың аяқталып келе жатқандығын көрстеді.

Күз. Қыркүйектің соңғы кездерінде «мизам шуағы» деген амал өтеді, ол күннің уақытша жылынуымен көзге түседі.

Қыс. Қаңтар айында күшті борандар «қаңтардың қарлы бораны» болады. Жаз айында туған Үркер тас төбеге келеді. «Үркерлі айдың бәрі қыс» деген түсінік осыған байланысты шықса керек.

Есте сақта!

Бұл өмірде екі есік бар, бірі өмірге қарай ашылса, екіншісі өлімге қарай ашылдаы. Бірінші есіктен кірген адам екіншісіне де кіретінін ойланып жүрсе ғұмыры ұзарады.

Фонетика, морфология тараулары бойынша тест сұрақтары

I нұсқа

1. Қазақ тілінде неше ерекше дыбыс бар?

- A) 2
- B) 6
- C) 8
- D) 9
- E) 3

2. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз:

- A) мұғалім
- B) ғалым
- C) қауым
- D) есім
- E) атым

3. Жіктік жалғаулы сөзді көрсетіңіз:

- A) жерсіз
- B) таусыз
- C) сусыз
- D) үйсіз
- E) сұлусыз

4. Табыс септікте тұрған сөзді көрсетіңіз.:

- A) Базарда көкөніс мол.
- B) Көкөніс күзде піседі.
- C) Мен базардан көкөніс сатып алдым.
- D) Біздің үйдің алдында көкөніс сататын дүкен бар.
- E) Көкөніс салаты денсаулыққа пайдалы.

5. Мына сөздердің ішінен етістікті табыңыз:

- A) аяқ
- B) бет
- C) қол
- D) бас
- E) кел

6. Туынды зат есімді көрсетіңіз:

- A) кітап
- B) дәптер
- C) оқулық
- D) қалам
- E) қарындаш

7. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

- A) 5
- B) 2
- C) 1
- D) 9
- E) 7

8. Қатыстық сын есімді табыңыз:

- A) толық
- B) семіз
- C) көк көйлекті
- D) сары
- E) үлкен

9. Етістікке тән категорияны табыңыз:

- A) шырай
- B) есімше
- C) демеулік
- D) септеулік
- E) сөйлем

10. Сын есімге тән категорияны көрсетіңіз:

- A) жалқы
- B) көсемше
- C) есімше

- D) шырай
- E) деректі

11. Туынды зат есімді көрсетіңіз:

- A) кітап
- B) дәптер
- C) оқулық
- D) қалам
- E) қарындаш

12. Бөлшектік сан есімді көрсетіңіз:

- A) он
- B) бір
- C) жүз
- D) жүз бір
- E) жүзден бір

13. Дерексіз зат есімді табыңыз:

- A) өзен
- B) парта
- C) тау
- D) теңіз
- E) бақыт

14. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.

- A) өлім
- B) уайым
- C) мерзім
- D) өмірім
- E) бұйым

15. Біріккен сөзді көрсетіңіз:

- A) тас төбе
- B) тас жүрек
- C) тасбақа
- D) тас қараңғы
- E) тас бауыр

16. Ашық буынды сөзді көрсетіңіз:

- A) оқушы
- B) мектеп
- C) ел
- D) көктем
- E) дәптер

17. Қатыстық сын есімді көрсетіңіз:

- A) Гүлді көйлек
- B) Сары гүл
- C) Биік үй
- D) Терең көл
- E) Көк аспан

18. Жіктеу есімдігін табыңыз:

- A) биік
- B) аз
- C) мол
- D) біз
- E) көп

19. Болымсыз етістіктің жұрнағын көрсетіңіз:

- A) – ма
- B) – мін
- C) – бын
- D) – пін
- E) – пын

20. Есімдіктің мағыналық неше түрі бар?

- A) 3
- B) 1
- C) 2
- D) 5
- E) 7

II нұсқа

1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

- A) 5
- B) 3
- C) 8
- D) 9
- E) 6

2. Сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған сын есімді көрсетіңіз:

- A) өнерлі
- B) әдемі
- C) үлкен
- D) ұзын
- E) қатал

3. Қалау райлы етістікті табыңыз:

- A) барғым келеді

- B) барса екен
- C) бар
- D) барады
- E) бармақшы

4. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз:

- A) жүзім
- B) жұбайым
- C) киім
- D) әрдайым
- E) тұқым

5. Жұрнақтың неше түрі бар?

- A) 5
- B) 3
- C) 1
- D) 2
- E) 6

6. Көптік жалғаулы сөзді көрсетіңіз:

- A) бар
- B) көйлегім
- C) балалар
- D) бөлмеде
- E) суық ауа-райы

7. Бітеу буынды сөзді көрсетіңіз:

- A) университет
- B) кітапхана
- C) дәрісхана
- D) студент
- E) көктем

8. Келер шақтағы етістікті табыңыз:

- A) келіп кетті
- B) келіп отыр
- C) келіп жатыр
- D) келді
- E) келемін

9. Бітеу буынды сөзді табыңыз:

- A) ие
- B) ес
- C) терезе
- D) балшық

Е) дала

10. Жалқы зат есімді көрсетіңіз:

А) Ақтау

В) парта

С) бала

Д) мекеме

Е) кітап

11. Туыстық атауды білдіретін сөзді көрсетіңіз:

А) сабақ

В) сағат

С) жүзім

Д) бота

Е) балдыз

12. Сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған сын есімді көрсетіңіз:

А) білгіш

В) күріш

С) жаңылтпаш

Д) сары

Е) сұр

13. Жалпы зат есімді табыңыз

А) Алматы

В) теңіз

С) Елдос

Д) Ерлан

Е) Ақтау

14. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз:

А) үкім

В) шешім

С) келісім

Д) кешірім

Е) өтінішім

15. Шылаудың неше түрі бар?

А) 8

В) 3

С) 9

Д) 2

Е) 7

16. Тұйық буынды сөзді көрсетіңіз:

- A) құм
- B) су
- C) жел
- D) от
- E) ауа

17. Күшейтпелі шырайды көрсетіңіз:

- A) өте әдемі
- B) әдемірек
- C) әдемі
- D) әдемілеу
- E) әп - әдемі

18. Шартты рай тұлғалы етістікті табыңыз:

- A) бармайды екен
- B) барады екен
- C) барған екен
- D) барса екен
- E) бару керек екен

19. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?

- A) 7
- B) 6
- C) 4
- D) 2
- E) 1

20. Демеулік шылауды көрсетіңіз:

- A) бұрын, соң
- B) дейін, шейін, кейін
- C) әрі, бірақ, және
- D) мен, бен, пен
- E) ма, ме, ба, бе, ғана

III нұсқа

1. Деректі зат есімді көрсетіңіз:

- A) абырой
- B) адамгершілік
- C) азық-түлік
- D) айып
- E) ақыл

2. Жалқы зат есімді көрсетіңіз:

- A) сүт
- B) сарымсақ

- C) Семей
- D) сағыз
- E) сиыр

4. Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс бар?

- A) 16
- B) 20
- C) 41
- D) 12
- E) 15

5. Жекіру одағайын көрсетіңіз:

- A) не
- B) жә
- C) кә
- D) пыс
- E) уһ

6. Дара сын есімді көрсетіңіз.

- A) өскелең
- B) өрт сөндіруші
- C) өсек-жала
- D) өмірбаян
- E) өтірікші

7. Негізгі сын есімді көрсетіңіз:

- A) сезімтал
- B) сезімшіл
- C) әдепті
- D) шыдамды
- E) шақар

8. Сапалық сын есімді көрсетіңіз:

- A) таңғы ас
- B) түскі ас
- C) кешкі ас
- D) тәтті ас
- E) асхана

9. Есептік сан есімді көрсетіңіз:

- A) Сіздің неше балаңыз бар? – Үшеу.
- B) Біздің пәтер екінші қабатта.
- C) Менің қызым биыл бірінші сыныпқа барды.
- D) Студенттер емтиханға бес-бестен кірді.
- E) Біздің топта он екі адам бар.

10. Күрделі сан есімді көрсетіңіз:

- A) Асхаттың үлкен бір арманы бар.
- B) Менің ағамның үш қызы бар.
- C) Біз екі бөлмелі пәтерде тұрамыз.
- D) Бүгін бізге бес сабақ болады.
- E) Менің жасым он сегізде.

11. Негізгі сан есімді көрсетіңіз:

- A) Менің үш балам бар: екеуі – қыз, біреуі – ұл.
- B) Экономика және құқық институты он бірінші шағын ауданда орналасқан.
- C) Сізге біреу телефон соқты.
- D) Студенттер емтиханға бес-бестен кіріп тапсырады.
- E) «Экономика» тобында тоғыз студент оқиды.

12. Сұрау есімдігін көрсетіңіз:

- A) Өзім демей, біз деп, ерлік білікте емес, жүректе деп үйретті.
- B) Көптің ақылынсыз ешқайда бара алмаймыз.
- C) Өне Қарағанды! – деді жолаушы.
- D) Үйренудің ешбір айыбы жоқ.
- E) Өзіңнің қайда жүргеніңді, кім болғаныңды, жақында болсаң – ауызша хабарла, алыста болсаң – хатпен хабарла.

13. Салыстырмалы шырайлы сын есімді көрсетіңіз.

- A) қысқа;
- B) қысқалау;
- C) тым қысқа;
- D) ең қысқа;
- E) қып – қысқа.

14. Бөлшектік сан есімді көрсетіңіз:

- A) Ермек екі айтпайды.
- B) Биыл кондитер тағамдары 8 есе, сары май 2,5 есе, ет консервілері 2,8 есе артық шығарылады.
- C) Біздің көшеде екі үй тұр: біріншісі – үлкен, екіншісі – кішкентай.
- D) Екеуінің де ойына Жамал, Сағынтай, тар кезең елестеді.
- E) Біздің топта жиырмадай студент оқиды.

15. Сөйлем мүшесі бола алмайтын, бірақ адамның түрлі көңіл – күйін білдіретін сөз табы қалай аталады?

- A) одағай
- B) есімдік
- C) етістік
- D) зат есім
- E) сын есім

16. Болымсыздық есімдігін көрсетіңіз:

- A) мен, сен, сіз, ол
- B) кім, не, қайда, қашан, қалай
- C) бәрі, күллі, бүтін, түгел
- D) анау, мынау, сонау, бұл, осы
- E) ешкім, ешқайда, ешқашан, ештеңе

17. Еліктеу сөзді көрсетіңіз:

- A) не
- B) тәйт
- C) жә
- D) бүлк - бүлк
- E) кім

18. Реттік сан есімді көрсетіңіз:

- A) Біздің университеттің бес ғимараты бар.
- B) Экономика және құқық институты он бірінші шағын ауданда орналасқан.
- C) Ол екі қабаттан тұрады.
- D) Әр қабатта он оқу аудитория бар.
- E) Аудиториялардан басқа бір асхана, бір кітапхана, бір оқу залы, бес кафедра бар.

19. Мына сөйлемдегі белгіленген сөздің қай сөз табына жататынын анықтаңыз: «Қарағанды бірінші тоқсанның жоспарын жарты ай бұрын жиырма үш пайыз артығымен орындапты».

- A) зат есім
- B) сын есім
- C) сан есім
- D) есімдік
- E) етістік

20. Қазақ тілінде неше септік бар?

- A) 4
- B) 6
- C) 7
- D) 9
- E) 3

IV нұсқа

1. Жіктеу есімдігі бар сөйлемді көрсетіңіз:

- A) Электр жөнінде электриктермен бірнеше әңгіме өткізу керек.
- B) Көпшіліктің бірсыпырасы Сойдақтіске жалт қарады, бірсыпырасы үндемей төмен қарады.
- C) Әрқайсысы ойлана, толғана отырды.

- D) Әрбір тәртіпсіздік, салақтық кейін тартады.
- E) Мен біраз жүріп қайтамын.

2. Мына сөйлемдегі белгіленген сөздің қай сөз табына жататынын анықтаңыз:
«Желсіз түнде жарық ай, сәулесі суда дірілдеп, ауылдың маңы – терең сай, тасыған өзен күрілдеп».

- A) зат есім;
- B) сын есім;
- C) сан есім;
- D) есімдік;
- E) етістік.

3. Деректі зат есімді көрсетіңіз:

- A) аман-саулық;
- B) құт-береке;
- C) ағаш
- D) ар-ождан;
- E) ақымақшылық.

4. Сөйлем мүшесі бола алмайтын, бірақ адамның түрлі көңіл – күйін білдіретін сөз табы қалай аталады?

- A) одағай
- B) есімдік
- C) етістік
- D) зат есім
- E) сын есім

5. Болымсыздық есімдігін көрсетіңіз:

- A) мен, сен, сіз, ол
- B) кім, не, қайда, қашан, қалай
- C) бәрі, күллі, бүтін, түгел
- D) анау, мынау, сонау, бұл, осы
- E) ешкім, ешқайда, ешқашан, ештеңе

6. Еліктеу сөзді көрсетіңіз:

- A) не
- B) тәйт
- C) жә
- D) бүлк - бүлк
- E) кім

7. Сапалық сын есімді көрсетіңіз:

- A) күндізгі жаңалықтар
- B) кешкі жаңалықтар
- C) жақсы жаңалықтар

- D) жаңалық көп
- E) жаңалық жоқ

8. Реттік сан есімі бар сөйлемді көрсетіңіз:

- A) Ермек екі айтпайды.
- B) Биыл кондитер тағамдары 8 есе, сары май 2,5 есе, ет консервілері 2,8 есе артық шығарылады.
- C) Біз бірінші курста оқимыз.
- D) Екеуінің де ойына Жамал, Сағынтай, тар кезең елестеді.
- E) Біздің топта жиырмадай студент оқиды.

9. Сілтеу есімдігін көрсетіңіз:

- A) Көкек өз атын өзі шақырады.
- B) Біз де кісі болармыз, атқа кісен салармыз.
- C) Дұшпан не демейді, түске не кірмейді.
- D) «Сіз-біз» деген жылы сөз – тірліктің ғанибеті.
- E) Мінеки, келіп қалдым біраз жасқа.

10. Мына сөйлемдегі белгіленген сөздің қай сөз табына жататынын анықтаңыз: «Қарағанды бірінші тоқсанның жоспарын жарты ай бұрын жиырма үш пайыз артығымен орындапты».

- A) зат есім
- B) сын есім
- C) сан есім
- D) есімдік
- E) етістік

11. Қатыстық сын есімді көрсетіңіз:

- A) орта мектеп
- B) жоғары білім
- C) қызыл диплом
- D) үздік аттестат
- E) жазғы демалыс

12. Жай шырайлы сын есімді көрсетіңіз:

- A) сары
- B) сарғыш
- C) сап-сары
- D) өте сары
- E) сарғалдақ

13. Жинақтық сан есімді көрсетіңіз:

- A) Біз бес қабатты үйде тұрамыз.
- B) Біздің үйде алпыс пәтер бар.
- C) Біз екеуі арқылы сендермен таныстық.

- D) Біздің пәтерімізде үш бөлме бар.
- E) Бір бөлме – менікі.

14. Өздік есімдігін көрсетіңіз:

- A) Көкек өз атын өзі шақырады.
- B) Біз де кісі болармыз, атқа кісен салармыз.
- C) Дұшпан не демейді, түске не кірмейді.
- D) «Сіз-біз» деген жылы сөз – тірліктің ғанибеті.
- E) Мінеки, келіп қалдым біраз жасқа.

15. Болжалдық сан есімді көрсетіңіз:

- A) бесеу
- B) бес - алтыдай
- C) бес
- D) бестен
- E) бесінші

16. Қалау райлы сөз тіркесін табыңыз:

- A) оқымау керек
- B) оқыған адам
- C) оқығым келеді
- D) оқысам екен
- E) оқымасам екен

17. Негізгі сын есімді көрсетіңіз:

- A) ажарлы
- B) көрікті
- C) сұлу
- D) шырайлы
- E) келбетгі

18. Сапалық сын есімді көрсетіңіз:

- A) сусыз жер
- B) сазды жер
- C) таулы жер
- D) орманды жер
- E) үлкен жер

19. Топтау сан есімін көрсетіңіз:

- A) Біздің оқу ғимаратымыз екі қабаттан тұрады.
- B) Біздің пәтер екінші қабатта.
- C) Оқушылар партада екі-екіден отырады.
- D) Мына дәптердің екеуі де менікі.
- E) Азық-түліктің бағасы былтырғыға қарағанда екі жарым есе көтерілді.

20. Белгісіздік есімдігін көрсетіңіз:

- A) Көкек өз атын өзі шақырады.
- B) Біз де кісі болармыз, атқа кісен салармыз.
- C) Дұшпан не демейді, түске не кірмейді.
- D) «Сіз-біз» деген жылы сөз – тірліктің ғанибеті.
- E) Біреудің сөзі әдемі, біреудің көзі әдемі.

У нұсқа

1. Дерексіз зат есімді көрсетіңіз:

- A) құм
- B) кілегей
- C) күріш
- D) қант
- E) кек

2. Зат есім, сын есім, сан есім сөз таптарының орнына қолданылатын сөз табын көрсетіңіз:

- A) одағай
- B) етістік
- C) есімдік
- D) шылау
- E) зат есім

3. Дара зат есімді көрсетіңіз:

- A) денсаулық;
- B) еңбекқорлық;
- C) кемпірқосақ;
- D) кереуенбасы;
- E) көбелек.

4. Морфология нені зерттейді?

- A) дыбыстар мен әріптерді
- B) сөз тіркесін
- C) сөз мағынасын
- D) сөз құрамын
- E) сөйлемдерді

5. Мына сөйлемде белгіленген сөз қай септікте тұрғанын анықтаңыз: Саяхатқа баратынымызды айтпақ болып, оқу ісі меңгерушісінің кабинетіне кірдім.

- A) Атау септік
- B) Табыс септік
- C) Барыс септік
- D) Ілік септік
- E) Жатыс септік

6. Қатыстық сын есімді көрсетіңіз:

- A) ақ халат
- B) сұлу қыз
- C) жақсы тілек
- D) түнгі ұйқы
- E) кішкентай сәби

7. Күшейтпелі шырайлы сын есімді көрсетіңіз:

- A) ажарлы
- B) сұлу
- C) әп-әдемі
- D) сымбатты
- E) көрікті

8. Жинақтық сан есімді көрсетіңіз:

- A) Сіздің неше балаңыз бар? – Үшеу.
- B) Біздің пәтер бірінші қабатта.
- C) Менің анам отыз алты жаста.
- D) Студенттер емтиханға бес-бестен кірді.
- E) Біздің топта он екі адам бар.

9. Мына сөйлемдегі белгіленген сөздің қай сөз табына жататынын анықтаңыз:

«Суық ширатады, жылы жасытады».

- A) зат есім
- B) сын есім
- C) сан есім
- D) есімдік
- E) етістік

10. Деректі зат есімді көрсетіңіз:

- A) құт-береке
- B) бақ-дәулет
- C) аман-саулық
- D) жай-күй
- E) ата – ана

11. Жалпылау есімдігін көрсетіңіз:

- A) не
- B) түгел
- C) біз
- D) өз
- E) әлдекім

12. Күрделі зат есімді көрсетіңіз:

- A) балабақша
- B) мектеп

- C) институт
- D) университет
- E) академия

13. Іс - әрекеттің мезгілін, мекенін, мөлшерін, сын – қимылын, мақсатын білдіретін сөз табы қалай аталады?

- A) үстеу
- B) есімдік
- C) одағай
- D) еліктеу сөз
- E) шылау

14. Табиғат құбылыстары мен айналаны қоршаған заттардың бір – біріне соқтығысуынан пайда болған дыбыстар мен жан – жануарлардың шығаратын дыбыстарын қайталаудан туындаған сөздер қалай аталады?

- A) шылау
- B) зат есім
- C) етістік
- D) есімдік
- E) еліктеу сөздер

15. Негізгі сын есімді көрсетіңіз:

- A) уақытша
- B) мерзімді
- C) кешкі
- D) жылдық
- E) берік

16. Қатыстық сын есімді көрсетіңіз:

- A) ақылды адам
- B) үлкен адам
- C) кәрі адам
- D) жас адам
- E) ұзын адам

17. Салыстырмалы шырайлы сын есімді көрсетіңіз:

- A) ақ
- B) аппақ
- C) ақшыл
- D) ең ақ
- E) өте ақ

18. Болымсыздық есімдігі қандай сөздің қосылуынан жасалады?

- A) бір
- B) әр

- C) әлде
- D) еш
- E) кей

19. Мына сөйлемдегі белгіленген сөздің қай сөз табына жататынын анықтаңыз:
«Тұз астың дәмін келтірсе, мақал сөздің сәнін келтіреді».

- A) зат есім
- B) сын есім
- C) сан есім
- D) есімдік
- E) етістік

20. Жекіру одағайын көрсетіңіз:

- A) жә
- B) не
- C) кө
- D) пыс
- E) уһ

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Аманиязов Қ.Н., Игібай Қ.Ж., Черкешова С.М. «Мұнай – газ кендерінің кәсіпшілігінің геологиясы». Алматы – 2001.
2. Аманиязов Қ.Н., Игібай Қ.Ж., Черкешова С.М. «Геология». Алматы – 2001.
3. Абайұлданов Қ.Н., Нұрсұлтанов Ғ.М. «Мұнай және газды өндіріп, өңдеу». Алматы «Өлке», 2000.
4. «Ақ сандық, көк сандық». Алматы, «Жазушы», 1988.
5. Бектұров Ш., Серғалиев М. «Қазақ тілі» Алматы, «Білім», 1994.
6. «Диктанттар жинағы». Алматы, «Ана тілі», 1993.
7. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі хрестоматиясы» Алматы, «Білім», 2003.
8. «Қазақша мал атаулары» Алматы, «Қайнар», 1982.
9. Қондыбаев С. «Маңғыстау географиясы» Алматы, «Қағанат», 1997.
10. Қондыбаев С. «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары»

Мазмұны:

1. Алғы сөз	3
2. Тіл және тәуелсіздік.....	4
3. Фонетика.....	5
4. Буын және түрлері.....	6
5. Морфология. Сөз құрамы.....	7
6. Сөз таптары. Зат есім.....	10
7. Сын есім. Сын есімнің шырай формасы.....	12
8. Сан есім.....	14
9. Есімдік.....	17
10.Етістік.....	19
11.Үстеу.....	21
12.Еліктеу сөздер.....	22
13.Одағай.....	24
14.Шылау.....	25
15. Фонетика, морфология тараулары бойынша тест сұрақтары	27 -43